



**«Гидротехникалық құрылымдар» пәні бойынша  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Максаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын өзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «07320500 - Гидротехникалық құрылышы» мамандығы, 4S07320501 - Техник-гидротехнигі біліктілігіне арналған «Гидротехникалық құрылымдар» пәні бойынша педагог кызметкерлерді аттестациялауға арналған тест.

<b>№</b>	<b>Тақырып</b>	<b>№</b>	<b>Тақырыпша</b>
01	<b>Гидротехникалық құрылымдар жайлы жалпы мағлұматтар және олардың жұмыс істеу жағдайлары</b>	01	Гидротехникалық құрылымдар жайлы түсінік, олардың жіктелуі
		02	Гидротехникалық құрылымдар жұмысының шарты және оның сенімділігі
		03	Гидротехникалық құрылымдардың ерекшеліктері және жұмыс істеу жағдайлары, олардың табандары
02	<b>Гидротехникалық құрылымдардың табандарынан судың сұзілуі</b>	04	Гидротехникалық құрылымдардың жер асты кескінінің элементтері, сұзілу есептерінің әдістері
		05	Гидротехникалық құрылымдардың табандарынан және жағамен жанақсан жерінен судың сұзілуі
		06	Топырақ бөгеттеріндегі сұзуді және кернеулі жай-куйі
03	<b>Каналдар мен олардағы гидротехникалық құрылымдар</b>	07	Каналдар олардың түрлері
		08	Каналдардағы реттеуіш құрылымдар
		09	Каналдардағы су өткізгіш құрылымдар Каналдардағы қабыспа құрылымдар
		10	Каналдарды жобалау және оларға қылатын талаптар
04	<b>Су өткізу құрылыштары мен механикалық жабдықтарды пайдалану</b>	11	Қақпалар және қоқыс ұстайтын торлар, көтеріп тасымалдайтын жабдықтар
		12	Автомат-қақпалар. Өздігінен жұмыс атқаратын тосқауыл автоматтар.
05	<b>Каналдар мен оларға арналған құрылыштарды пайдалану</b>	13	Каналдарды пайдалану режимдері. Суды сұзгілеу, каналдардың толып кету және лайланына қарсы күрес. Қысқы жағдайларда каналдарды пайдалану ерекшеліктері.

06	<b>Су жинағыштар мен тұндырығышта рдышпайдалану</b>	14	Су жинау тораптарындағы техникалық пайдалану іс-шаралары. Су ағызы бөгеті мен су қабылдағышының аралықтарын ашу ерекшеліктері. Жоғарғы және төменгі бьефтерді үйінділермен енгізуге қарсы күрес.
07	<b>Бөгеттер және су қашыртқылар</b>	15	Топырақ бөгеттері
		16	Тас және тасты- топырақты бөгеттер. Бітеу топырақ бөгеттердегі су өткізгіш құрылымдар.
08	<b>Өзендік гидротехникалық құрылымдар және су алғыш гидротораптар</b>	17	Су қоймалары мен су тораптарын пайдалану. Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары.
		18	Туннельді және құбырлы құрылыштарды жөндеу ерекшеліктері. Гидромелиорациялық жүйелердің идротехникалық құрылыштарын жөндеу ерекшеліктері.
09	<b>Арнайы гидротехникалық құрылымдар</b>	19	Топырақ бөгеттерін қайта қалыпқа келтіру. Бетон бөгеттерін қайта қалыпқа келтіру.
		20	Суағызыштарды, су тартқыштарды, тұндырығыштарды, магистральдық каналдарды қайта қалыпқа келтіру ерекшеліктері.

Контекстік тапсырмалар (мәтін, статистикалық мәліметтер, кестелер)

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

**Гидротехникалық құрылымдар жайлы жалпы мағлұматтар және олардың жұмыс істеу жағдайлары**

**Гидротехникалық құрылымдар жайлы түсінік және олардың жіктелуі**

Су қоры және су шаруашылығының салалары, су шаруашылығы іс-шараларының кешенділігі. Гидротехникалық құрылымдар құрылышының дамуы жайлы мәліметтер. Гидротехникалық құрылымдарды жобалауда және пайдалануда қолданатын нормативтік құжаттар.

Гидротехникалық құрылымдардың орналасқан орны, атқаратын қызметі, мақсатты міндеті, пайдалану шарттары, курделілігі, салынған негізгі материалы бойынша жіктелуі. Гидротораптар және гидрожүйелер.

**Гидротехникалық құрылымдардың ерекшеліктері және жұмыс жасау жағдайлары, олардың табандары**

Гидротехникалық құрылымдарға судың механикалық, физико-химиялық және биологиялық әсерлері. Гидротехникалық құрылымдарға түсетін жүктемелер және әсерлер. Гидротехникалық құрылымдардың іргелес жатқан территорияға және коршаған ортаға әсері.

Гидротехникалық құрылыштардың сенімділігі, жөндеуаралық кезеңнің ұзақ мерзімділігі мен ұзактығына әсер ететін факторлар

**Гидротехникалық құрылымдардың табандарынан және жағамен жанаасқан жерінен судың сүзілуі**

Гидротехникалық құрылымдардың табандары және оларды жақсарту тәсілдері. Жартассыз табандардан судың сүзілуі, кеуек ортадағы сүзілу ағыны, негізгі сипаттамалары: арын, жылдамдық, сүзілу коэффициенті, сүзілу шығыны. Арынсыз және арынды сүзілу. Жартасты

табандарда судың сүзілуі. Гидротехникалық құрылымдардың жағамен жанасқан жерінен судың сүзілуі.

### **Каналдар және олардағы гидротехникалық құрылымдар**

#### **Каналдар**

Каналдардың атқаратын міндеттері. Каналдардың жіктелуі. Каналдарды тарту. Каналдардың көлденең кимасының пішіні. Каналдағы судың сүзілуі және онымен күресу.

#### **Каналдардағы реттеуіш құрылымдар**

Реттеуіш құрылымдардың міндеті мен жіктелуі. Ашық, құбырлы, диафрагмалы реттеуіштер. Құрама реттеуіш құрылымдар. Реттеуіш тораптары. Су жібергіштер. Су бөгейтін құрылымдар. Каналдың аяқ жағындағы және апаттық су қашыртқы құрылымдар. Қабыршақ мұз өткізгіштер.

#### **Каналдардағы су өткізгіш құрылымдар**

Су өткізгіш құрылымдардың атқаратын міндеті және жіктелуі. Акведуктар, науалар, сел өткізгіштер, дюкерлер, нөсер өткізгіштер. Су өткізгіш құрылымдарды есептеу.

#### **Су өткізу құрылыштары мен механикалық жабдықтарды пайдалану**

Қақпалар және қоқыс ұстайтын торлар, көтеріп тасымалдайтын жабдықтар

#### **Автомат-қақпалар**

Өздігінен жұмыс атқаратын тосқауыл автоматтар

#### **Каналдар мен олардағы құрылыштарды пайдалану.**

Каналдары пайдаланурежимдері.

Суды сүзгілеу, каналдардың толып кету жәнелайланына қарсы күрес.

Қыскы жағдайларда каналдарды пайдалану ерекшеліктері.

Байланыстыруыш және сумен жабдықтау құрылымдарының жұмысының ерекшеліктері.

Гидромелиоративтік жүйелердің гидротехникалық құрылыштарын пайдалану.

Су деңгейін есепке алу және реттеу үшін қызмет ететін гидротехникалық құрылыштарды техникалық пайдалану ерекшеліктері.

#### **Су жинағыштар мен тұндырғыштарды пайдалану.**

Су жинаутораптарындағы техникалық пайдалануіс-шаралары.

Су ағызы бөгеті мен су қабылдағышының аралықтарын ашу ерекшеліктері.

Жоғарғы және төменгі бьефтерді үйінділермен енгізуге қарсы күрес.

Шөгінділерді тұндыру кезеңінде тұндырғыштарды пайдалану.

Тұндырғыштарды тазарту.

#### **Бөгеттер және су қашыртқылар**

##### **Топырақ бөгеттері**

Топырақ бөгеттер, олардың жіктелуі және негізгі қолдану аймақтары, оларды конструкциялау ерекшеліктері, негізгі бөліктері. Беткейлерді бекіту. Сүзілуге қарсы құрылғылар. Дренаждар. Топырақ бөгеттердің сүзілу есептері және олардың орнықтылығын есептеу. Топырақ бөгеттердің және олардың табандарының шегуі.

##### **Тас және тасты- топырақты бөгеттер**

Тас және тасты- топырақты бөгеттердің ерекшеліктері, сүзілуге қарсы құрылғылары, қолдану шарттары, конструкциялау.

Оларды өзен арнасын жабу және жағалауларды бекіту жұмыстарында қолдану.

##### **Бітеу топырақ бөгеттердегі су өткізгіш құрылымдар**

Топырақ бөгеттердегі су өткізгіш құрылымдардың жіктелуі, оларды қолдану шарттары. Есептік су шығындары.

Су қашыртқылар: арналық, жағалаулық және жайылмалық. Ашық су қашыртқылар, жабық су қашыртқылар, резервтік табиғи су қашыртқылар. Су қашыртықының түрін таңдау. Ашық және жабық су қашыртқылардың конструкцияларын есептік негіздеу.

Құрылыш жүріп жатқан кездегі су қашыртқы құрылымдар. Су жібергіштер және су ағызғыштар, олардың конструкциялары. Типтік су өткізгіш құрылымдарды қолдану.

##### **Өзендейк гидротехникалық құрылымдар және су алғыш гидротораптар**

Гидротораптардың жіктелуі. Гидротораптардың элементтері. Су қоймасы және тежелген бьефтері

Гидротораптардың жіктелуі. Оларды үйлестіруге қойылатын негізгі талаптар. Гидротораптардың негізгі құрылымдары. Гидроторап салынып жатқан кезде өзен суын, мұзды, ағаштарды өткізу. Су қоймалары жайлы жалпы мағлұматтар, өзен арнасын және жағалауын қайта қалыптастыру. Төмен, орташа және жоғары тегеурінді су қоймасы гидротораптарын үйлестірудің негізгі түрлері. Су қоймалары құрылышының экологиялық салдары.

### **Иrrигациялық өзендік су алғыш гидротораптары. Тұндыргыштар**

Өзендік су алғыш гидротораптарының жіктелуі, әртүрлі типтерін қолдану шарттары. Бөгетсіз су алғыш гидротораптар: ағынның бөлінуі, оларды пайдалану шарттары, тасындылармен күресу әдістері, арнаны реттеу, есептік негіздеу, конструктивтік ерекшеліктері. Бөгетті су алғыш гидротораптар: бүйірлік, фронтальды, тұптік және тіреуіштік, арнаны реттеу, есептік негіздеу. Тұндыргыштар, жіктелуі, конструкциялары.

### **Гидротехникалық құрылыштарды қайта құру.**

Топырак бөгеттерін қайта құру.

Бетон бөгеттерін қайта құру.

Су ағызғыштарды, су тартқыштарды, тұндыргыштарды, магистральдық каналдарды қайта құру ерекшеліктері.

Гидротехникалық құрылыштарды қайта құрудың техникалық-экономикалық негіздемесі.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қындығы:** Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (A) – 25 %; орташа деңгейде (B) – 50 %; жоғары деңгейде (C) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауга, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым құрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың құрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, құрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты тандауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмасын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа -2-2,5 минут.

**8. Бағалау:** Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

### **9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Шомантаев А.Ә. Гидротехникалық құрылымдар бойынша практикум. Қызылорда 2010 ж.
2. А.Г.Ray Гидротехникада негіздері және сушаруашылығы есептеулері.Алматы 2010.-230-бет
3. Е. Д. Дәркенбаев, А.Т. Тілеуқұлов Гидравликалық құштің әсерінен жұмыс істейтін тосқау-автоматтар және оны есептеу тәсілдері, Тараз 2003 ж.
4. А.Т. Базарбаев Гидротехникалық құрылымдар, Алматы 2011 ж.
- 5.О.З. Зубаиров, А.Т. Тілеуқұлов «Сугару мелиорациясы» Алматы 2010. Ж.
6. Шомантаев А.Жұнісов А.,Шегенбаев А. Гидротехникалық құрылымдар бойынша практикум. Астана 2013 ж.
- 7.Ж.С. Мұстафаев.Суландыру жүйесін пайдалану. Тараз 2007 ж.
8. О.З. Зубаиров Сугару және сугару жүйесін пайдалану. Қызылорда 2000 ж.

9. О.З. Зубаиров А.Т. Тілеуқұлов Мелиоративтік жүйелерді жобалау. Алматы 2011ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Техникалық және кәсіптік  
білім департаменті

Ауди Жүйесін 8.0.  
(жолы) (Т.А.Ә)  
«\_\_\_» 2023ж.

Радж Ахмед Гимадиев Габидулла